

FTAMP 06.52.13

ӘОЖ 338.1

JEL E1

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2026-1-2-285-297>

КУЗЕМБЕКОВА Р.А.,^{*1}

Э.Ғ.М., ассистент-профессор.

*e-mail: kuzembekova.roza@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-0414-6416

АБАЕВА Г.И.,²

Э.Ғ.К., қауымдастырылған профессор.

e-mail: abayeva.g@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-9708-7744

СЕЙТОВА Г.Т.,²

Э.Ғ.К., қауымдастырылған профессор.

e-mail: ulpan57@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-1545-2320

ЕСІМХАН Г.Е.,²

PhD, ассистент-профессор.

e-mail: guldana_esimhan@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-0095-3018

¹Нархоз университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²А. Байтұрсынұлы атындағы

Қостанай өңірлік университеті,

Қостанай қ., Қазақстан

ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ ДЕҢГЕЙІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ: ШЕТЕЛДІК МОДЕЛЬДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАЗАҚСТАНДА БЕЙІМДЕУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Андатпа

Жаһандық экономикалық тұрақсыздықтың күшеюі, әлеуметтік теңсіздіктің өсуі және демографиялық сын-қатерлер жағдайында халықтың өмір сүру деңгейін мемлекеттік реттеу мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр. Әлеуметтік саясаттың тиімділігі мен өмір сапасы мемлекеттік араласудың ауқымы мен нәтижелілігіне, сондай-ақ дағдарыс кезеңдерінде әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету қабілетіне тікелей байланысты. Дамыған елдердің тарихи тәжірибесі экономикалық және әлеуметтік күй-зелістер кезеңінде мемлекеттің табыстарды, жұмыспен қамтуды және негізгі әлеуметтік игіліктерге қол жетімділікті тұрақтандырудағы рөлінің артатынын көрсетеді. Зерттеудің мақсаты – халықтың өмір сүру деңгейін мемлекеттік реттеудің шетелдік модельдерін талдау және олардың жекелеген элементтерін Қазақстан Республикасының жағдайына бейімдеу мүмкіндіктерін анықтау. Зерттеу аясында әлеуметтік саланы мемлекеттік реттеудің теориялық тәсілдерінің эволюциясы қарастырылады, әлеуметтік саясаттың либералдық, континенталдық және социал-демократиялық модельдері жүйеленеді, сондай-ақ институционалдық дамудың әртүрлі модельдері бар елдердің негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау жүргізіледі. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы өтпелі экономикаға тән институционалдық, фискалдық және әлеуметтік шектеулерді ескере отырып, халықтың өмір сүру деңгейін мемлекеттік реттеу тетіктеріне кешенді салыстырмалы талдау жүргізілуімен айқындалады. Зерттеудің құндылығы Қазақстан Республикасында нарықтық ынталандыруларды, өнеркәсіптік және әлеуметтік саясат элементтерін, сондай-ақ атаулы әлеуметтік қолдау тетіктерін үйлестіретін халықтың өмір сүру деңгейін мемлекеттік реттеудің гибриді моделін қалыптастырудың орындылығын негіздеуде көрініс табады. Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы оларды әлеуметтік-экономикалық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу және түзету барысында, әлеуметтік саясаттың басымдықтарын айқындауда, сондай-ақ табыстарды, жұмыспен қамтуды және денсаулық сақтау жүйесін реттеу тетіктерін жетілдіруде қолдану мүмкіндігімен анықталады.

Тірек сөздер: мемлекеттік реттеу, халықтың өмір сүру деңгейі, әлеуметтік саясат, шетелдік тәжірибе, даму модельдері, өмір сапасы, бейімдеу.

Кіріспе

Халықтың өмір сүру деңгейі және оның негізгі индикаторларының жағдайы әлеуметтік саланы мемлекеттік шаралар арқылы реттеудің деңгейіне және олардың тиімді іске асырылуына тікелей байланысты. Бұл саладағы мемлекеттік реттеудің нәтижелілігінің негізгі критерий – халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасының көрсеткіштерінің тұрақты өсуі болып табылады.

Әлеуметтік саланы мемлекеттік реттеу тәжірибесі мемлекеттіліктің дамуы мен экономикалық жүйелердің эволюциясымен параллель қалыптасқан. Мемлекеттің тікелей шетелдік инвестициялардың рөлін талдауға ғылыми тұрғыдан негізделген тәсіл экономикалық ғылымның қалыптасуымен басталып, әсіресе ірі экономикалық және әлеуметтік дағдарыс кезеңдерінде белсенді дамыған. Әлеуметтік-экономикалық қатынастарды реттеу механизмдерін зерттеу тарихы дағдарыстық құбылыстармен және оларды жеңуде мемлекеттің рөлінің күшеюімен тығыз байланысты.

Мемлекеттік реттеу теориясын қалыптастыруға елеулі үлес Дж.М. Кейнс енгізген, ол нарықтық экономика дағдарыстары жағдайында мемлекеттің белсенді макроэкономикалық араласуының қажеттілігін негіздеді [1]. Аталған идеялардың практикалық іске асуы 1930 ж. Ұлы депрессия кезеңінде АҚШ-та Ф.Д. Рузвельттің «Жаңа бағыт» саясаты аясында көрініс тапты, бұл әлеуметтік-экономикалық дамуды концептуалды антидағдарыстық басқарудың алғашқы мысалдарының бірі болып, халықтың өмір сүру деңгейін елеулі жақсартуға әкелді [2, 3].

Әлеуметтік-экономикалық тұрақтандыруға бағытталған мемлекеттік реттеудің ұқсас тәжірибесі Германияда Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін Л. Эрхард әзірленген «әлеуметтік нарықтық экономика» концепциясы аясында жүзеге асырылды [4]. Жапонияда «күштардың ұшу» парадигмасына негізделген ілгерілеу даму үлгісі, сондай-ақ К. Коджима мен Т. Озава жүргізген кейінгі зерттеулер аймақтық және әлеуметтік-экономикалық дамуда тікелей шетелдің инвестициялардың рөлін талдаудың негізін қалады [5].

Зерттеудің өзектілігі – Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық трансформация жағдайында халықтың өмір сүру деңгейін мемлекеттік реттеудің халықаралық тәжірибесінің ең нәтижелі элементтерін түсіну және бейімдеу қажеттілігімен анықталады. Кең ауқымды шетелдік тәжірибеге қарамастан, барлық әлеуметтік көрсеткіштердің тұрақты өсуін қамтамасыз ететін әмбебап реттеу моделі жоқ, бұл ұлттық әлеуметтік саясатты қалыптастыруға дифференциаланған және жүйелі тәсіл қажет екендігін көрсетеді.

Зерттеу объектісі – халықтың өмір сүру деңгейін мемлекеттік реттеу модельдері, ал зерттеу пәні – шетелдік және Қазақстандағы халықтың өмір сүру деңгейін мемлекеттік реттеу механизмдері мен құралдары. Зерттеу мақсаты – халықтың өмір сүру деңгейін мемлекеттік реттеу модельдерін талдау және Қазақстан тәжірибесін бағалау және оны жетілдірудің перспективалық бағыттарын анықтау.

Зерттеу гипотезасы: шетелдік модельдердің кейбір элементтерін ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып бейімдеу Қазақстанда әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттыруға ықпал етуі мүмкін. Зерттеудің тәжірибелік мәні – оның нәтижелерін әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын әзірлеу және түзету кезінде қолдану мүмкіндігі.

Материалдар және әдістер

Зерттеудің әдістемелік негізін әлеуметтік-экономикалық процестерді танудың жалпы ғылыми және арнайы әдістері құрайды, оларға жүйелік және құрылымдық-функционалдық тәсілдері, салыстырмалы талдау, тарихи-логикалық әдіс, сондай-ақ экономикалық және институционалдық талдау әдістері жатады.

Зерттеу материалы ретінде отандық және шетелдің ғалымдардың еңбектері, халықаралық ұйымдар мен ұлттық статистикалық органдардың статистикалық деректері, әлеуметтік-экономикалық дамуға арналған бағдарламалық құжаттар, сондай-ақ халықтың өмір сүру деңгейін реттеу саласындағы эмпирикалық зерттеулердің нәтижелері қолданылды.

Шетелдік мемлекеттік реттеу модельдерінің салыстырмалы талдауы олардың негізгі ерекшеліктерін, артықшылықтары мен шектеулерін анықтауға, сондай-ақ жеке құралдардың өтпелі экономика жағдайында қолданылу мүмкіндігін бағалауға мүмкіндік берді. Нәтижелерді

бағалаудың әдістемесі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің динамикасын және оларды реттеудегі институционалдық механизмдерді талдауға негізделген.

Нәтижелер және талқылау

Жүргізілген талдау көрсеткендей, халықтың өмір сүру деңгейін мемлекеттік реттеудің әлемдік тәжірибесінің дамуы тарихи түрде экономикалық құлдырауларды, қаржылық дағдарыстарды және өткір әлеуметтік қақтығыстарды еңсерумен байланысты. Мемлекеттің қоғамдық және экономикалық процестерді реттеуге қатысу деңгейіне қарай әртүрлі әлеуметтік саясат модельдері қалыптасты, олардың ішінде американдық, жапондық, германдық және скандинавиялық модельдер ерекшеленеді (кесте 1).

Кесте 1 – Әлемдік әлеуметтік модельдер және индустриалды дамыған елдерде өмір сүру деңгейін реттеу

Модель атауы	Мемлекеттің әлеуметтік саясаты	Модельдің қысқаша сипаттамасы	Елдің ЖІӨ қалыптасуына мемлекеттік қатысудың үлесі	Басым класс
Американдық	Мемлекет бизнестің дамуы үшін қажетті жағдайлар жасайды, халықтың ең еңбекке қабілетті және бәсекеге қабілетті бөлігінің әлеуметтік белсенділігін қолдайды.	Мемлекеттің экономикадағы және өңірлік реттеудегі араласуы шектеулі	12%	Орташа класс
Жапондық	Мемлекет басым салаларды инвестициялық ынталандыруда белсенді рөл атқарады	Өндірістік, экономикалық және сыртқы сауда қатынастарын дамытудағы мемлекеттің белсенді араласуы	36%	Орташа класс
Шведтік	Халық табыстары арасындағы шектерді теңестіру, жұмыспен қамтуды қамтамасыз етудегі мемлекеттің белсенді рөлі	Қоғамдық әл-ауқат пен теңдік – модель құрудың негізгі мақсаттары	57%	Класстық шектер айқын көрінбейді
Германдық	Халықтың әлеуметтік қорғалуын арттыру, орта және шағын бизнестің белсенді қабатын қалыптастыру	Мемлекеттің белсенді рөлі жеке бастаманы қолдау және дамытумен үйлеседі	35%	Орташа класс
Ескертпе: Авторлармен [6–9] дереккөз негізінде құрастырылған.				

Американдық модель мемлекет араласуының шектеулі болуы және кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруға бағыттылығымен сипатталады, жапондық модель – мемлекеттің белсенді инвестициялық саясатымен ерекшеленеді, германдық – әлеуметтік қорғау мен жеке бастаманы қолдауды үйлестіреді, ал шведтік модель – мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігі жоғары және кедейлікті минимумға келтіруімен сипатталады.

Қазақстан тәжірибесін талдау көрсеткендей, елде халықтың өмір сүру деңгейін мемлекеттік реттеу жүйесі экономиканы қайта құру кезеңіндегі терең әлеуметтік-экономикалық дағдарыс жағдайында қалыптасты. Стратегиялық даму мемлекеттік бағдарламалары маңызды рөл атқарғанымен, өмір сүру деңгейін тұрақтандыруға бағытталған белсенді шаралар негізінен дағдарыс кезеңдерінде жүзеге асырылды.

Жаһандық экономикалық тұрақсыздық күшейіп, әлеуметтік теңсіздік пен демографиялық мәселелер артып отырған жағдайда, мемлекеттік үшін табыстарды, жұмыспен қамтуды және негізгі әлеуметтік игіліктерге қол жеткізуді реттейтін тұрақты механизмдерді қалыптастыру рөлі өсуде [10]. Осыған байланысты әртүрлі әлеуметтік-экономикалық даму модельдері бар елдердегі өмір сүру деңгейінің негізгі көрсеткіштерін салыстырмалы талдау жүргізу орынды болып табылады, бұл мемлекеттік араласу көлемі, әлеуметтік саясат параметрлері және халық әл-ауқатының нақты нәтижелері арасындағы тәуелділікті айқындауға мүмкіндік береді (кесте 2).

Кесте 2 – Елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуының салыстырмалы көрсеткіштері, 2025

Көрсеткіш	АҚШ	Швеция	Жапония	Германия	Қазақстан
Адам басына шаққандағы ЖІӨ (ППС)	~\$89 600	~\$69 000	~\$56 400	~\$68 500	~\$35 000
Жұмыссыздық деңгейі	4,2–4,5%	~7,5–8,0%	~2,5–2,6%	~3,3–5,5%	~4,7–4,9%
Кедейлік деңгейі	~11,5%	~14–16%*	~15%	~14–16%	~1,0%
Джини коэффициенті	0,41–0,43	~0,28–0,30	~0,32–0,33	~0,31–0,32	~0,29–0,30
Орташа өмір сүру ұзақтығы (жыл)	~77,5	~84,1	~84,7	~81,8	~74,5–75,0
Әлеуметтік шығындар (% ЖІӨ)	~14–19%	~25–27%	~22–24%	~26–28%	~36–38%
Денсаулық сақтау қолжетімділігі (индекс)	15 орын	5 орын	13 орын	8 орын	>60 орын
Ескертпе: Авторлармен [11] дереккөз негізінде құрастырылған.					

АҚШ, Швеция, Жапония, Германия және Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін салыстырмалы талдау халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасының қалыптасу ерекшеліктерін әртүрлі мемлекеттік реттеу модельдері аясында анықтауға мүмкіндік береді. Сатып алу қабілетінің паритеті бойынша адам басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші дамыған елдерде Қазақстанға қарағанда айтарлықтай жоғары. Дегенмен, жоғары ЖІӨ деңгейі әрдайым әлеуметтік индикаторлардың пропорционалды жақсаруымен бірге жүрмейді, бұл АҚШ-та өмір сүру ұзақтығы мен медициналық қызметтердің қолжетімділігінің салыстырмалы түрде төмен көрсеткіштерімен дәлелденеді.

Еңбек нарығын талдау барлық қарастырылып отырған елдерде салыстырмалы макро-экономикалық тұрақтылықты көрсетеді, алайда төмен жұмыссыздық деңгейі құрылымдық теңгерімсіздік пен жасырын жұмыспен қамтудың болмауын қамтамасыз етпейді, әсіресе қалыптасушы экономикасы бар елдерде. Кедейлік деңгейі мен Джини коэффициенті табыстарды мемлекеттік қайта бөлу көлеміне тікелей тәуелділікті көрсетеді. Мысалы, АҚШ-та жоғары экономикалық даму деңгейіне қарамастан табыстар арасындағы теңсіздік жоғары сақталады, ал Солтүстік Еуропа елдері мен Германияда табыстардың біркелкі бөлінуі әлеуметтік қорғаудың дамыған жүйесі арқасында қамтамасыз етіледі [12].

Әлеуметтік шығындар мен медициналық қызметтердің қолжетімділігі өмір сүру сапасының интегралды көрсеткіштерін анықтайтын негізгі фактор болып табылады. Әлеуметтік мемлекет моделіндегі елдерде (Швеция, Германия, Жапония) әлеуметтік шығындардың ЖІӨ-дегі үлесі 22–25%-дан асады, бұл өмір сүру ұзақтығының жоғары болуымен және халықаралық денсаулық сақтау рейтингісінде жоғары орындармен корреляцияланады [13]. Қазақстанда әлеуметтік шығындардың салыстырмалы төмендігі мен медициналық қызметтердің шектеулі қолжетімділігі өмір сүру ұзақтығы мен адам капиталы сапасының көрсеткіштерінде артта қалуға әкеледі, бұл халықтың өмір сүру деңгейін мемлекеттік реттеу механизмдерін жетілдіру қажеттілігін айқындайды.

Шетелдік және отандық тәжірибелерді салыстыру мемлекеттік реттеудің тиімділігі көбінесе әлеуметтік саясат басымдықтарына, тікелей және жанама экономикалық шаралар арасындағы тепе-теңдікке, сондай-ақ аймақтық деңгейдегі басқару инфрақұрылымының сапасына тәуелді екенін көрсетеді. Қазақстан үшін тиімді тәсіл – АҚШ пен Еуропа елдерінде кеңінен қолданылатын аймақтық даму кластерлік моделі, ол жұмыспен қамту мен халықтың өмір сүру деңгейінің өсуіне мультипликативтік әсер береді.

Әлеуметтік-экономикалық дамуды және халықтың өмір сүру деңгейін мемлекеттік реттеу әртүрлі институционалдық модельдер аясында жүзеге асырылады, олардың әрқайсысы табысқа, жұмыспен қамтуға және әлеуметтік қорғалуға әсер ететін өз құралдар жиынтығын қалыптастырады [14]. Белгілі бір модель элементтерін таңдау мен біріктіру елдің экономикалық даму деңгейі, экономикалық құрылымы, еңбек нарығының жаңдайы және мемлекеттік бюджет мүмкіндігімен анықталады [15]. Экономикалық өсу тұрақтылығын және халықтың өмір сүру сапасын арттыру қажеттілігі жағдайында шетелдік мемлекеттік реттеу модельдерін салыстырмалы талдау олардың күшті жақтарын анықтау және жеке құралдарды Қазақстан жағдайына бейімдеу мүмкіндіктерін бағалау үшін өзектілігін арттырады.

Кесте 3 – Мемлекеттік реттеу модельдерін салыстыру матрицасы

Модель	Реттеудің негізгі құралдары	Күшті жақтары	Шектеулері	Қазақстанда қолдануға болатын элементтер
Либералдық (мысалы, АҚШ)	Бизнесті дамытуға минималды кедергілер, антимонополиялық құқыққа басымдық, икемді еңбек нарығы, төмен салықтар	Жоғары инновациялық белсенділік, дағдарыстарға тез бейімделу, капиталды ағымы	Әлеуметтік теңсіздіктің жоғары болуы, нарықтағы «көпіршік» қаупі, әлеуметтік қорғаудың төмендігі	Лицензиялауды жеңілдету, қор нарығын дамыту, шағын бизнестің еркіндігі
Континентальдық (мысалы, Германия)	Әлеуметтік серіктестік, банктердің белсенді рөлі, өнеркәсіпке мемлекеттік субсидиялар	Тұрақтылық, жоғары сапалы кадрлар, дамыған өнеркәсіптік база мен инфрақұрылым	Бизнестің жоғары салықтық жүктемесі, бюрократия, икемсіз еңбек нарығы	Дуалды білімді дамыту, өңдеу өнеркәсібін қолдау
Социал-демократтық (мысалы, Швеция)	Жоғары прогрессивті салық, адам капиталына ірі мемлекеттік инвестициялар, кейбір қызметтерге мемлекеттік монополия	Кедейліктің төмендігі, өмір сапасының жоғары болуы, мемлекетке сенімнің жоғары деңгейі	Мемлекеттік аппаратты ұстаудың өте жоғары құны, салықтық тәртіпке тәуелділік	Тегін медициналық сапасын арттыру, мақсатты әлеуметтік қолдау, медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіру
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.				

Талдау көрсеткендей, қарастырылған әрбір мемлекеттік реттеу моделі маңызды артықшылықтарға және институционалдық шектеулерге ие, сондықтан оларды ұлттық ерекшеліктерді ескермей тікелей қолдану мүмкін емес. Мемлекеттік араласуды азайтуды және кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруға бағытталған либералдық моделі инновациялық дамытуға және инвестициялардың ағымына ықпал етеді. Алайда әлеуметтік теңсіздіктің өсуімен және халықтың әлеуметтік қорғалуының төмендеуімен қатар жүреді. Қазақстан үшін әкімшілік процедураларды жеңілдетуге, қор нарығын дамытуға және шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған құралдарын іріктеп қолдану, мемлекет әлеуметтік функциясын әлсіретпей, тиімді болып саналады.

Континентальдық модель, ең алдымен Германияға тән, әлеуметтік әріптестік пен дуалды білім беру тетіктері арқылы тұрақты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, өнеркәсіптік әлеуетті дамыту және білікті кадрларды қалыптастыру тұрғысынан өзінің тиімділігін көрсетеді. Аталған модельдің жекелеген элементтерін Қазақстан жағдайына бейімдеу, соның ішінде жұмыс берушілер бірлестіктерінің рөлін кеңейту және қолданбалы кәсіби даярлау жүйесін дамыту, артық бюрократиялану мен салықтық жүктемені шектеу жағдайында еңбек өнімділігін арттыруға және құрылымдық жұмыссыздықты төмендетуге ықпал етуі мүмкін.

Социал-демократиялық модель әлеуметтік теңсіздікті барынша азайтуға және адами капиталға бағытталған елеулі мемлекеттік инвестициялар арқылы өмір сапасын арттыруға бағдарланған [16]. Фискалдық жүктеменің жоғары болуына қарамастан, бұл модельдің жекелеген құралдары, ең алдымен атаулы әлеуметтік қолдау, медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру, сондай-ақ міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін дамыту Қазақстан үшін ерекше өзектілікке ие.

Жалпы алғанда, жүргізілген талдау Қазақстан Республикасында нарықтық ынталандырулар мен мемлекеттік әлеуметтік саясаттың күшеюін ұштастыратын, халықтың өмір сүру деңгейін мемлекеттік реттеудің гибриді моделін қалыптастырудың орындылығын көрсетеді. Осыған байланысты Қазақстан либералдық модельден жекешелендіру бағытын және АХҚО-ны дамыту тәжірибесін, континенталдық модельден мемлекеттік даму бағдарламалары арқылы экономиканы әртараптандыруға ұмтылысты, ал социал-демократиялық модельден әлеуметтік міндеттемелерді кеңейту мен мемлекеттік қызметтерді цифрландыруды қабылдайды.

Мәселен, Қазақстан Республикасында социал-демократиялық мемлекеттік реттеу моделінің жекелеген элементтерін, соның ішінде прогрессивті салық салуды, мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін кеңейтуді және жалпыға бірдей медициналық сақтандыру жүйесін дамытуды енгізу 2026 жылғы әлеуметтік-экономикалық жағдайларда ғылыми тұрғыдан пайымдауды және институционалдық бағалауды талап ететін бірқатар жүйелік тәуекелдермен қатар жүреді.

Біріншіден, негізгі шектеу факторы ретінде 4,6 трлн теңге көлемінде болжанатын республикалық бюджет тапшылығының өсуімен байланысты фискалдық тәуекелдер көрініс табады [17]. Әлеуметтік төлемдердің кеңеюі, зейнетақыларды индексациялау және бюджеттік трансферттердің ұлғаюы мемлекеттік қаржыға түсетін жүктемені арттырып, ағымдағы міндеттемелерді жабу үшін Ұлттық қор қаражатын пайдалану ықтималдығын күшейтеді. Ұзақ мерзімді перспективада бұл бюджеттік жүйенің шикізат нарықтарының конъюнктурасына тәуелділігін қалыптастырып, жинақталған ресурстарды ұрпақаралық қайта бөлу әлеуетін төмендетеді.

Екіншіден, фискалдық саясаттың әлеуметтік бағыттылығының күшеюі бизнеске түсетін жиынтық салықтық жүктеменің артуымен байланысты салықтық тәуекелдермен қатар жүреді. Жұмыс берушілер үшін міндетті зейнетақы және әлеуметтік аударымдардың өсуі, сондай-ақ жеке тұлғалардың табысына прогрессивті салық салу элементтерін талқылау кәсіпорындар үшін қосымша шығындарды қалыптастырады. Институционалдық сенім деңгейі шектеулі жағдайларда бұл көлеңкелі экономикалық тәжірибелердің кеңеюіне, ресми жұмыспен қамтудың қысқаруына және әсіресе капитал сыйымдылығы жоғары салаларда инвестициялық белсенділіктің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Үшіншіден, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің тиімді жұмыс істеуі ерекше маңызға ие бола бастайды. Денсаулық сақтау саласын қаржыландыру көлемінің ұлғаюына қарамастан, ресурстарды бөлудегі тиімсіздік және медициналық қызметтердің қамтылған сапасының төмендеуі сияқты сақталып отырған институционалдық проблемалар қоғамдық сенімнің әлсіреу қаупін қалыптастырады. Міндетті жарналар көлемі мен медициналық көмектің нақты қолжетімділігі арасындағы сәйкессіздік жүргізіліп жатқан әлеуметтік реформалардың легитимділігін төмендетуі мүмкін.

Қосымша шектеу ретінде, әсіресе өңірлерде халықтың медиандық табыс деңгейі салыстырмалы түрде төмен жағдайларда, кеңейтілген трансферттерге негізделген жүйелерге тән әлеуметтік тәуелділік қаупі туындайды. Мұндай жағдайда әлеуметтік төлемдер ресми жұмыспен қамтылуға деген ынтаны төмендетіп, салық базасын қалыптастыруға қатыспайтын өзін-өзі жұмыспен қамту сегментінің кеңеюіне ықпал етуі мүмкін, бұл өз кезегінде бюджеттік жүйенің орнықтылығына теріс әсер етеді.

Соңында, инфрақұрылымдық шектеулер сақталып отырған жағдайда шығынды әлеуметтік тетіктерді енгізу бюджеттік ресурстарды негізгі салаларға инвестициялауға нұқсан келтіре отырып қайта бөлу тәуекелін тудырады. Энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымның тозу деңгейінің жоғары болуы елеулі капиталдық салымдарды талап етеді, ал олардың жеткіліксіз қаржыландырылуы экономикалық орнықтылықтың төмендеуіне және техногендік тәуекелдердің өсуіне алып келуі мүмкін.

Жалпы алғанда, орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы үшін негізгі жүйелік тәуекел дамыған социал-демократиялық модельдерге тән әлеуметтік міндеттемелер ауқымы

мен ұлттық экономиканың құрылымдық ерекшеліктері арасындағы сәйкессіздік болып табылады. Бұл ерекшеліктерге шикізаттық кірістерге тәуелділіктің сақталуы және мемлекеттік басқарудың институционалдық тиімділігінің шектеулілігі жатады.

Келесі кезеңде Қазақстан жағдайында либералдық және континенталдық модельдердің жекелеген элементтерін бейімдеу барысында туындауы мүмкін тәуекелдер қарастырылады.

Либералдық мемлекеттік реттеу моделі әкімшілік кедергілерді барынша азайтуға, салықтық жүктемені төмендетуге және нарықтық бастаманы ынталандыруға бағытталған [18]. Қазақстанда осы модельдің шағын және орта бизнесті орталықсыздандыру, лицензиялау рәсімдерін оңайлату және қор нарығын дамыту сияқты жекелеген элементтерін бейімдеу төмендегі тәуекелдермен қатар жүреді:

Әлеуметтік теңсіздік пен кедейліктің өсуі. Мемлекеттік араласудың қысқаруы, әсіресе жұмыспен қамту мен табыс деңгейлері бойынша өңірлік айырмашылықтар жағдайында, табыстардың жіктелуін күшейтуі мүмкін.

Еңбек нарығының тұрақсыздығы. Еңбек нарығының икемділігі мен әлеуметтік кепілдіктердің қысқаруы уақытша және бейресми жұмыспен қамтудың өсуіне, қызметкерлердің қорғалу деңгейінің төмендеуіне және әлеуметтік осалдықтың артуына әкелуі ықтимал.

Қаржылық құбылмалылық. Қор нарығын дамыту және капитал қозғалысын ынталандыру сыртқы күйзелістерге экономиканың сезімталдығын арттырады, әсіресе мұнай мен метал бағасының ауытқуына тәуелді шикізаттық экономика жағдайында.

Реттеушілік тәуекелдер. Институционалдық дайындық жеткіліксіз болған жағдайда жедел орталықсыздандыру нарықтарда «көпіршіктердің» пайда болуына және корпоративтік тәжірибелерге бақылаудың әлсіреуіне әкелуі мүмкін.

Континенталдық модель мемлекеттің өнеркәсіптік және әлеуметтік саясаттағы рөлінің жоғары болуымен, әлеуметтік әріптестіктің дамыған жүйесімен [19], өнеркәсіпті қолдаумен және дуалды білім берумен сипатталады. Оның жекелеген элементтерін Қазақстан жағдайында енгізу барысында төмендегідей тәуекелдер туындауы мүмкін.

Бюрократиялану және әкімшілік шығындардың артуы. Мемлекеттік органдар мен жұмыс берушілер бірлестіктерінің белсенді қатысуы нормативтік рәсімдердің көлемін ұлғайтып, бизнестің икемділігін төмендетуі және шешім қабылдау үдерісін баяулатуы мүмкін.

Бизнестің түсетін салықтық жүктеме. Қосымша субсидиялар мен әлеуметтік міндеттемелер кәсіпорындарға салынатын салықтық жүктеменің артуын талап етуі ықтимал, бұл инвестициялық тартымдылықтың төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Еңбек нарығының икемділігінің шектелуі. Еңбек құқықтарын стандарттау мен қорғау экономикалық күйзелістерге бейімделуді қиындатуы мүмкін, бұл әсіресе маусымдық немесе құрылымдық жұмыссыздық деңгейі жоғары өңірлер үшін өзекті.

Бюджетке түсетін қаржылық жүктеме. Өнеркәсіп кәсіпорындарын қолдау, дуалды білім беруді дамыту және әлеуметтік бағдарламаларды кеңейту тұрақты бюджеттік негізді талап етеді, ал экономиканың шикізаттық тәуелділігі жағдайында бұл тапшылық тәуекелдерін күшейтіп, ресурстарды басқа секторлардың есебінен қайта бөлуге алып келуі мүмкін.

Жалпы алғанда, екі моделдің де элементтерін Қазақстанда бейімдеу ұлттық экономиканың ерекшеліктерін, халықтың әлеуметтік қорғалу деңгейін және мемлекеттің шектеулі институционалдық ресурстарын ескеретін теңгерімді тәсілді талап етеді. Либералдық элементтер кәсіпкерлікті және инвестицияларды ынталандыруы мүмкін, алайда әлеуметтік қорғанысты күшейткенімен, бюджетке және бюрократиялық рәсімдерге қосымша жүктеме түсіреді [20].

Жоғарыда айтылғанның негізінде Қазақстан жағдайында мемлекеттік реттеу моделдерін бейімдеу кезінде туындауы мүмкін тәуекелдер бойынша кесте құрастырылған.

Тәуекелдер мен бейімдеуге болатын элементтерді талдау көрсеткендей, аталған модельдердің бірде-бірін таза күйінде енгізу мүмкін емес. Қазақстан үшін ең орындысы – либералдық моделдің ынталандырушы элементтерін, континенталдық моделдің институционалдық және білім беру тетіктерін, сондай-ақ социал-демократиялық моделдің әлеуметтік бағытталған құралдарын үйлестіретін гибридік тәсілді қалыптастыру болып табылады. Мұндай гибридік тәсіл халықтың әлеуметтік қорғалуын және бюджеттік жүйенің орнықтылығын сақтай отырып, инвестициялық белсенділікті және экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Кесте 4 – Қазақстан жағдайында халықтың өмір сүру деңгейін мемлекеттік реттеу моделдерін бейімдеу кезінде тәуекелдер мен қолдануға болатын элементтер

Модель	Реттеудің негізгі элементтері	Қазақстанда енгізу кезіндегі ықтимал тәуекелдер	ҚР-да қолдануға болатын элементтер
Либералдық	Бизнеске арналған ең төменгі кедергілер, төмен салықтар, икемді еңбек нарығы, инвестицияларды ынталандыру	- әлеуметтік теңсіздік пен кедейліктің өсуі; - еңбек нарығының тұрақсыздығы, көлеңкелі жұмыспен қамтудың кеңеюі; - қаржылық және қор нарықтарының құбылмалығы; - нарықтарда «көпіршіктердің» пайда болу қаупі	- шағын және орта бизнесті реттеуді жеңілдету; - лицензиялау рәсімдерін жеңілдету; - қор нарығын және инвестициялық ынталандыру тетіктерін дамыту
Континенталдық	Әлеуметтік әріптестік (кәсіподақтар мен жұмыс берушілер), өнеркәсіпті мемлекеттік субсидиялау, дуалды білім беру	- бюрократиялану және шешім қабылдаудың баяулауы; - бизнеске түсетін салықтық жүктеменің артуы; - еңбек нарығы икемділігінің шектелуі; - әлеуметтік бағдарламаларды кеңейту жағдайында бюджетке қаржылық жүктеменің артуы	- дуалды және кәсіби білім беруді дамыту - өңдеуші өнеркәсіпті қолдау; - әлеуметтік бастамаларға мемлекеттің қатысуын кеңейту
Социал-демократиялық	Прогрессивті салық салу, адам капиталына ауқымды мемлекеттік инвестициялар, мемлекеттік әлеуметтік кепілдіктер	- фискалдық тәуекелдер және бюджет тапшылығының өсуі - жоғары жәрдемақылар жағдайында «әлеуметтік тәуелділік» қалыптасу қаупі - медициналық сақтандыру тиімділігіне қатысты мәселелер - әлеуметтік шығыстар басым болған жағдайда инфрақұрылымның жеткіліксіз қаржыландырылуы	- тегін медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру - ең осал топтарға бағытталған атаулы әлеуметтік қолдау - міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін дамыту
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.			

Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының ұлттық жағдайларын ескере отырып, шетелдің реттеу моделдерінің жекелеген элементтерін бейімдеудің мақсатқа сай екендігі туралы ұсынылған гипотезаны растайды.

Қорытынды

Халықтың өмір сүру деңгейін мемлекеттік реттеудің шетелдік моделдері мен олардың негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне жүргізілген салыстырмалы талдау мемлекеттік араласу ауқымы, әлеуметтік саясаттың басымдықтары және халықтың әл-ауқаты саласындағы нақты нәтижелер арасындағы орнықты тәуелділікті анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім деңгейімен өлшенетін экономикалық дамудың жоғары көрсеткіштері табыстарды тиімді қайта бөлу тетіктері мен дамыған әлеуметтік қорғау жүйесі болмаған жағдайда өмір сүру сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін жеткілікті шарт болып табылмайтынын көрсетеді. Сонымен қатар, мемлекеттік саясатында әлеуметтік бағдар айқын көрінетін елдер өмір сүру ұзақтығының жоғары көрсеткіштерімен, медициналық қызметтердің қолжетімділігімен және әлеуметтік тұрақтылықтың жоғары деңгейімен ерекшеленеді.

Зерттеу нәтижелері мемлекеттік реттеудің қарастырылған әрбір моделдің айтарлықтай артықшылықтармен қатар институционалдық шектеулерге де ие екенін көрсетті, бұл оларды Қазақстан Республикасының жағдайында тікелей көшіру мүмкіндігін жоққа шығарады. Либералдық модель кәсіпкерлікті, инвестициялық белсенділікті және инновациялық дамуды

ынталандырады, алайда әлеуметтік теңсіздіктің өсуімен және халықтың жекелеген топтарының осалдығының артуымен қатар жүреді. Континенталдық модель тұрақты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге, өнеркәсіптік әлеуетті дамытуға және білікті кадрларды қалыптастыруға мүмкіндік береді, бірақ елеулі бюджет ресурстарын талап етеді және бюрократиялану деңгейінің жоғарылығымен сипатталады. Социал-демократиялық модель кедейлікті барынша азайтуға және өмір сүру сапасын арттыруға бағытталғанымен, жоғары фискалдық тәуекелдермен байланысты және мемлекеттік басқарудың дамыған институттары мен салықтық тәртіпті талап етеді.

Анықталған тәуекелдер мен ұлттық экономиканың құрылымдық ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан Республикасында халықтың өмір сүру деңгейін мемлекеттік реттеудің нарықтық ынталандыруларды әлеуметтік саясаттың күшейтілген бағытымен ұштастыратын гибридік моделін қалыптастырудың орындылығы негізделеді. Мұндай модель аясында, біріншіден, шағын және орта бизнесті реттеушілігі, әкімшілік рәсімдерді оңайлатуға және қор нарығын дамытуға бағытталған либералдық реттеу құралдарын базалық әлеуметтік кепілдіктерді сақтай отырып, іріктеп қолдану ұсынылады.

Екіншіден, экономиканы әртараптандырудың негізі ретінде дуалды және кәсіби білім беруді дамыту, әлеуметтік әріптестік тетіктерін кеңейту және өңдеуші өнеркәсіпті қолдау секілді континенталдық модель элементтерін бейімдеу мақсатқа сай болып табылады.

Үшіншіден, социал-демократиялық моделдің жекелеген құралдарын енгізу кезінде әлеуметтік қолдаудың нысаналы сипатына, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің тиімділігін арттыруға және әлеуметтік міндеттемелерді мемлекеттік бюджет мүмкіндіктерімен теңгерімдеуге ерекше назар аудару қажет.

Ұсынылған ұсынымдарды іске асыру халықтың өмір сүру деңгейін мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыруға, әлеуметтік және фискалдық тәуекелдерді төмендетуге, сондай-ақ орнықты экономикалық өсу мен адами капиталдың дамуына жағдай жасауға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, мемлекеттік реттеудің шетелдік моделдерінің жекелеген элементтерін бейімдеудің орындылығы жөніндегі алға қойылған гипотезаны растайды және мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясатты әзірлеу мен түзету барысында пайдаланылуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Trinkoff A.M., et al. Comparing residential long-term care regulations between nursing homes and assisted living facilities // *Nursing Outlook*. 2020. Vol. 68. Issue 1. P. 114–122.
- 2 Kalashnikov P.A., et al. Impact of state and legal regulation on the sustainable development of agricultural territories and improving the standard of living of the population // *Journal of Environmental Management and Tourism*. 2023. Vol. 14. No. 1. P. 82–88. URL: [https://doi.org/10.14505/jemt.v14.1\(65\).08](https://doi.org/10.14505/jemt.v14.1(65).08)
- 3 Dokholyan S., et al. Influence of management automation on managerial decision-making in the agro-industrial complex // *International Journal of Advanced Computer Science and Applications*. 2022. Vol. 13. No. 6. P. 597–603. URL: <http://dx.doi.org/10.14569/IJACSA.2022.0130672>
- 4 Chernysheva A., Dobrova K., Dobrova E., Kuznetsova V. Transformation of economic interests in the context of the multipolar world order formation // *Economic Annals-XXI*. 2021. No. 192. Vol. 7–8(2). P. 15–25. URL: <https://doi.org/10.21003/ea.V192-02>
- 5 Matthews A. The CAP in the 2021–2027 MFF negotiations // *Intereconomics*. 2018. Vol. 53. No. 6. P. 306–311.
- 6 Рамазанов Ж.Ш. Мировые социально-экономические модели и Россия // *Известия ТПУ*. – 2010. – № 6. – С. 16–21.
- 7 Гришин И. Шведская модель общественного развития: дихотомия рынок–политика // *Мировая экономика и международные отношения*. – 2005. – № 11. – С. 79–95.
- 8 Al-Tit A.A., Al-Ayed S., Alhammadi A., Hunitie M., Alsarayreh A., Albassam W. The impact of employee development practices on human capital and social capital: the mediating contribution of knowledge management // *Journal of Open Innovation: Technology, Market, and Complexity*. 2022. Vol. 8. No. 4. Article 218. DOI: 10.3390/joitmc8040218
- 9 Amoroso S., Herrmann B., Kritikos A.S. The role of regulation and regional government quality for high-growth firms: the good, the bad and the ugly // *Regional Studies*. 2024. Vol. 58. No. 9. P. 1710–1727. DOI: 10.1080/00343404.2024.2366289
- 10 Gao J., Wang W., Wu Y. Human capital portability and careers in finance // *Review of Financial Studies*. 2024. Vol. 37. No. 9. P. 2732–2778. DOI: 10.1093/rfs/hhae033

- 11 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. Халықтың тұрмыс деңгейі статистикасы. – 2024. URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-life/> (өтініш берілген күн: 22.12.2025)
- 12 Lee C.C., Lin C. W., Lee C.C. Globalization, government regulation, and country risk: international evidence // *Journal of International Trade & Economic Development*. 2022. Vol. 32. No. 1. P. 132–162. DOI: 10.1080/09638199.2022.2079710
- 13 Nik Abdullah N.H., Krishnan S., Mohd Zakaria A.A., Morris G. Strategic management accounting practices in business: a systematic review of the literature and future research directions // *Cogent Business & Management*. 2022. Vol. 9. No. 1. Article 2093488. DOI: 10.1080/23311975.2022.2093488
- 14 Peng H., Tan H., Zhang Y. Human capital, financial constraints, and innovation investment persistence // *Asian Journal of Technology Innovation*. 2020. Vol. 28. No. 3. P. 453–475. DOI: 10.1080/19761597.2020.1770616
- 15 Нестеров Ю.А. Зарубежный опыт повышения качества жизни // *Постулат*. – 2018. – № 1. – С. 36–42.
- 16 Klingler-Vidra R., Liu Y. Inclusive innovation policy as social capital accumulation strategy // *International Affairs*. 2020. Vol. 96. No. 4. P. 1033–1050. DOI: 10.1093/ia/iaaa091
- 17 Tengri News. 27 триллионов тенге расходов на 2026 год: разбираем бюджет Казахстана. – 2025. URL: <https://tengrinews.kz/article/27-trillionov-tenge-rasxody-2026-god-razbiraem-kazakhstan-3190/> (дата обращения: 24.12.2025)
- 18 Glebova I.S., Berman S.S., Gribovskaya V.A. Housing construction: problems and prospects (as exemplified by Russia) // *Revista Rela  es Internacionais do Mundo Atual*. 2022. No. 2(35). P. 182–196.
- 19 Alami I., Dixon A.D. State capitalism(s) redux? Theories, tensions, controversies // *Competition & Change*. 2019. Vol. 24. No. 1. P. 70–94. DOI: 10.1177/1024529419881949
- 20 Никифорова Е.С., Семенова Г.Н. Применение элементов государственного регулирования экономического роста в современных условиях и возможности социально-ориентированной экономики // *Вестник Московского государственного областного университета. Серия: Экономика*. – 2019. – № 2. – С. 8–27. DOI: 10.18384/2310-6646-2019-2-8-27

REFERENCES

- 1 Trinkoff A.M., et al. (2020) Comparing residential long-term care regulations between nursing homes and assisted living facilities // *Nursing Outlook*. Vol. 68. Issue 1. P. 114–122. (In English)
- 2 Kalashnikov P.A., et al. (2023) Impact of state and legal regulation on the sustainable development of agricultural territories and improving the standard of living of the population // *Journal of Environmental Management and Tourism*. Vol. 14. No. 1. P. 82–88. DOI: [https://doi.org/10.14505/jemt.v14.1\(65\).08](https://doi.org/10.14505/jemt.v14.1(65).08) (In English)
- 3 Dokholyan S., et al. (2022) Influence of management automation on managerial decision-making in the agro-industrial complex // *International Journal of Advanced Computer Science and Applications*. Vol. 13. No. 6. P. 597–603. DOI: <http://dx.doi.org/10.14569/IJACSA.2022.0130672> (In English)
- 4 Chernysheva A., Dobrova K., Dobrova E., Kuznetsova V. (2021) Transformation of economic interests in the context of the multipolar world order formation // *Economic Annals-XXI*. No. 192. Vol. 7–8(2). P. 15–25. DOI: <https://doi.org/10.21003/ea.V192-02> (In English)
- 5 Matthews A. (2018) The CAP in the 2021–2027 MFF negotiations // *Intereconomics*. Vol. 53. No. 6. P. 306–311. (In English)
- 6 Ramazanov Zh.Sh. (2010) Mirovye social’no-jekonomicheskie modeli i Rossiya // *Izvestiya TPU*. No. 6. P. 16–21. (In Russian)
- 7 Grishin I. (2005) Shvedskaja model’ obshhestvennogo razvitija: dihotomija rynok–politika // *Mirovaja jekonomika i mezhdunarodnye otnoshenija*. No. 11. P. 79–95. (In Russian)
- 8 Al-Tit A.A., Al-Ayed S., Alhamadi A., Hunitie M., Alsarayreh A., Albassam W. (2022) The impact of employee development practices on human capital and social capital: the mediating contribution of knowledge management // *Journal of Open Innovation: Technology, Market, and Complexity*. Vol. 8. No. 4. Article 218. DOI: 10.3390/joitmc8040218 (In English)
- 9 Amoroso S., Herrmann B., Kritikos A.S. (2024) The role of regulation and regional government quality for high-growth firms: the good, the bad and the ugly // *Regional Studies*. Vol. 58. No. 9. P. 1710–1727. DOI: 10.1080/00343404.2024.2366289 (In English)
- 10 Gao J., Wang W., Wu Y. (2024) Human capital portability and careers in finance // *Review of Financial Studies*. Vol. 37. No. 9. P. 2732–2778. DOI: 10.1093/rfs/hhae033 (In English)
- 11 Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau j  nindegi agenttiɡini     lttyq statistika b  rosy. Halyqty  n t  rmys de  gei   statistikasy. 2024. URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-life/> (  tini  sh berilgen k  n: 22.12.2025) (In Kazakh)

- 12 Lee C.C., Lin C. W., Lee C.C. (2022) Globalization, government regulation, and country risk: international evidence // *Journal of International Trade & Economic Development*. Vol. 32. No. 1. P. 132–162. DOI: 10.1080/09638199.2022.2079710 (In English)
- 13 Nik Abdullah N.H., Krishnan S., Mohd Zakaria A.A., Morris G. (2022) Strategic management accounting practices in business: a systematic review of the literature and future research directions // *Cogent Business & Management*. Vol. 9. No. 1. Article 2093488. DOI: 10.1080/23311975.2022.2093488 (In English)
- 14 Peng H., Tan H., Zhang Y. (2020) Human capital, financial constraints, and innovation investment persistence // *Asian Journal of Technology Innovation*. Vol. 28. No. 3. P. 453–475. DOI: 10.1080/19761597.2020.1770616 (In English)
- 15 Nesterov Ju.A. (2018) Zarubezhnyj opyt povysheniya kachestva zhizni // *Postulat*. No. 1. P. 36–42. (In Russian)
- 16 Klingler-Vidra R., Liu Y. (2020) Inclusive innovation policy as social capital accumulation strategy // *International Affairs*. Vol. 96. No. 4. P. 1033–1050. DOI: 10.1093/ia/iiaa091 (In English)
- 17 Tengri News. 27 trillionov tenge rashodov na 2026 god: razbiraem bjudzhet Kazahstana. – 2025. URL: <https://tengrinews.kz/article/27-trillionov-tenge-rasxody-2026-god-razbiraem-kazaxstan-3190/> (data obrashheniya: 24.12.2025) (In Russian)
- 18 Glebova I.S., Berman S.S., Gribovskaya V.A. (2022) Housing construction: problems and prospects (as exemplified by Russia) // *Revista Relações Internacionais do Mundo Atual*. No. 2(35). P. 182–196. (In English)
- 19 Alami I., Dixon A.D. (2019) State capitalism(s) redux? Theories, tensions, controversies // *Competition & Change*. Vol. 24. No. 1. P. 70–94. DOI: 10.1177/1024529419881949 (In English)
- 20 Nikiforenko E.S., Semenova G.N. (2019) Primenenie jelementov gosudarstvennogo regulirovanija jekonomicheskogo rosta v sovremennyh uslovijah i vozmozhnosti social'no-orientirovannoj jekonomiki // *Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo oblastnogo universiteta*. Serija: Jekonomika. No. 2. P. 8–27. DOI: 10.18384/2310-6646-2019-2-8-27 (In Russian)

КУЗЕМБЕКОВА Р.А.,*¹

М.Э.Н., ассистент-профессор.

*e-mail: kuzembekova.roza@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-0414-6416

АБАЕВА Г.И.,²

К.Э.Н., ассоциированный профессор.

e-mail: abayeva.g@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-9708-7744

СЕЙТОВА Г.Т.,²

К.Э.Н., ассоциированный профессор.

e-mail: ulpan57@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-1545-2320

ЕСИМХАН Г.Е.,²

PhD, ассистент-профессор.

e-mail: guldana_esimhan@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-0095-3018

¹Университет Нархоз,

Алматы, Казахстан

²Костанайский региональный

университет им. А. Байтұрсынұлы,

Костанай, Казахстан

ГОСУДАРСТВЕННОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ УРОВНЯ ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ: ЗАРУБЕЖНЫЕ МОДЕЛИ И ВОЗМОЖНОСТИ ИХ АДАПТАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В условиях усиливающейся глобальной экономической нестабильности, роста социального неравенства и демографических вызовов проблема государственного регулирования уровня жизни населения приобретает особую актуальность. Эффективность социальной политики и качество жизни во многом определяются масштабами и результативностью государственного вмешательства, а также институциональной способно-

стью государства обеспечивать социально-экономическую устойчивость в периоды кризисов. Исторический опыт развитых стран свидетельствует о том, что именно в условиях экономических и социальных потрясений возрастает роль государства в стабилизации доходов, занятости и доступа населения к базовым социальным благам. Целью исследования является анализ зарубежных моделей государственного регулирования уровня жизни населения и выявление возможностей адаптации их отдельных элементов в условиях Республики Казахстан. В рамках исследования рассматривается эволюция теоретических подходов к государственному регулированию социальной сферы, проводится систематизация либеральной, континентальной и социал-демократической моделей социальной политики, а также осуществляется сравнительный анализ ключевых социально-экономических показателей стран с различными институциональными моделями развития. Научная значимость работы заключается в комплексном сравнительном анализе механизмов государственного регулирования уровня жизни населения с учетом институциональных, фискальных и социальных ограничений экономики переходного типа. Ценность исследования состоит в обосновании целесообразности формирования гибридной модели государственного регулирования уровня жизни населения в Республике Казахстан, сочетающей рыночные стимулы, элементы промышленной и социальной политики, а также адресные механизмы социальной поддержки. Практическое значение результатов исследования заключается в возможности их использования при разработке и корректировке государственных программ социально-экономического развития, формировании приоритетов социальной политики и совершенствовании механизмов регулирования доходов, занятости и системы здравоохранения.

Ключевые слова: государственное регулирование, уровень жизни населения, социальная политика, зарубежный опыт, модели развития, качество жизни, адаптация.

KUZEMBEKOVA R.A.,*¹

m.e.s., assistant professor.

*e-mail: kuzembekova.roza@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-0414-6416

ABAYEVA G.I.,²

c.e.s., associate professor.

e-mail: abayeva.g@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-9708-7744

SEYITOVA G.T.,²

c.e.s., associate professor.

e-mail: ulpan57@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-1545-2320

YESIMKHAN G.E.,²

PhD, assistant professor.

e-mail: guldana_esimhan@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-0095-3018

¹Narxoz University,

Almaty, Kazakhstan

²A. Baitursynuly Kostanay

Regional University,

Kostanay, Kazakhstan

STATE REGULATION OF THE POPULATION'S STANDARD OF LIVING: FOREIGN MODELS AND POSSIBILITIES FOR THEIR ADAPTATION IN KAZAKHSTAN

Abstract

In the context of increasing global economic instability, growing social inequality, and demographic challenges, the issue of state regulation of the population's standard of living is gaining particular relevance. The effectiveness of social policy and quality of life are largely determined by the scale and efficiency of government intervention, as well as by the institutional capacity of the state to ensure socio-economic stability during periods of crisis. Historical experience of developed countries demonstrates that the role of the state in stabilizing incomes, employment, and access to basic social services intensifies during economic and social shocks. The purpose of this study is to analyze foreign models of state regulation of the population's standard of living and to identify possibilities for adapting selected mechanisms to the conditions of the Republic of Kazakhstan. The study examines the evolution of theoretical

approaches to social policy, compares liberal, continental, and social-democratic welfare models, and evaluates socio-economic indicators across countries with different institutional systems. The scientific significance of the study lies in its comprehensive comparative analysis of mechanisms for regulating living standards, taking into account institutional, fiscal, and social constraints characteristic of transition economies. The study substantiates the feasibility of developing a hybrid model for Kazakhstan that combines market-based incentives, elements of industrial and social policy, and targeted social support instruments. The practical significance of the research is reflected in the applicability of its results to improving socio-economic development programs⁶ strengthening social policy priorities, and enhancing mechanisms for regulating incomes, employment and healthcare.

Keywords: state regulation, standard of living, social policy, international experience, models of development, quality of life, adaptation.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 05.04.2026